

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГІ
8D01601– Гуманитарлық пәндер бойынша педагогтарды дайындау (Тарих-Қазақстанның қазіргі әлеуметтік тарихы)

Пән циклі	Пәндердің атауы және олардың негізгі бөлімдері	Сағатпен (ECTS)
БП 1	БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР ЦИКЛЫ(БП)	10
1.	<p>Педагогикалық практика</p> <p>Педагогикалық қызметте Қазақстан тарихы мен дүниежүзілік тарихтың әр түрлі аспектілерін оқытуда тарихи пәндерді оқытудың әдістемесі мен дидактикалық принциптерін қолдану. Техникалық құралдарды, атап айтқанда мультимедиялық техниканы, презентацияларды, видеоконференцияларды, чаттарды, компьютерлік тестілеуді және қашықтықтан оқытудың электрондық жүйелерін пайдалана отырып, сабақтарды жүргізу әдістері мен білімді бақылау әдістемесі.</p>	5
КП 2	КӘСПТЕНДІРУ ПӘНДЕРІ ЦИКЛЫ (КП)	43
1.	<p>Әлеуметтік теориялар және әлеуметтік тарих</p> <p>Әлеуметтік тарих ұғымы. Әлеуметтік білімнің құрылымы және оның функциялары. "Әлеуметтік институт"түсінігі. Әлеуметтік институттар қоғамның өміршеңдігінің факторы ретінде. Институционализация процесі. Әлеуметтік институттың белгілері. Әлеуметтік реформалар және революциялар. Социологиядағы классикалық эволюционизм: О. Конт, Г. Спенсер, Л. Морган, Э. Дюркгейм, Ф. Теннис. Әлеуметтік қозғалыстардың түрлері, олардың даму және таралу жағдайлары.</p>	5
2.	<p>Қазақстанның әлеуметтік-мәдени тарихы</p> <p>Қоғамдық ойдың даму тарихындағы мәдениет ұғымы. Мәдениет және құндылықтар: құндылықтар құрылымы және мәдениет деңгейлері. Қазақстандағы мәдени-тарихи аймақтарды зерттеу, дәстүрлі мәдениеттің, өнердің, бұқаралық мәдениеттің, білімнің сипаттамасы. Әлеуметтік-мәдени топтар: элитаны антропологиялық талдау; корпоративтік мінез-құлықтарды, әдет-ғұрыптарды, мінез-құлық кодекстерін, құндылықтарды, ой-сананы, мифологияны талдау.</p>	5
3.	<p>XIX-XX ғғ. Қазақстанның әлеуметтік динамикасы</p> <p>Қоғам және әлеуметтік шындық. XIX-XX ғғ. Қазақстанның әлеуметтік динамикасының зерттелуі. Қоғамдық қатынастардың институционалдық сипаты. Әлеуметтік-мәдени орта және оның тұлғаның дамуындағы рөлі. Жеке, топтық және қоғамдық мүдделердің диалектикасы. XIX-XX ғғ. әлеуметтік стратификация мен әлеуметтік мобильділіктің социологиялық теориялары.</p>	5
4.	<p>Зерттеу практикасы</p> <p>Докторанттың зерттеу тәжірибесі отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерін зерттеу, сондай-ақ тәжірибелік дағдыларды бекіту, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қолдану, диссертациялық зерттеуде тәжірибелік деректерді өңдеу және интерпретациялау мақсатында жүргізіледі. Зерттеу практикасының мазмұны докторлық диссертацияның тақырыбымен анықталады.</p>	18

